



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Под ред. Я.В. Соколова – 2-е изд., стереотип. – М.: Финансы и статистика, 2000 г.

3. «Основные средства: бухгалтерский и налоговый учет» Соколов Ю.А., 2006 г.

4. Нурсеитов Э.О. «Бухгалтерский учет в организациях» Уч. пособие, изд-е 2-е переработанное, г. Алматы, ТОО «Издательство Lem» 2007 г.

5. Типовой план счетов бухгалтерского учета, Утвержден Приказом Министра финансов Республики Казахстан от «23» мая 2007 года № 185.

6. Хегай И. Ремонт и модернизация основных средств // Бюллетень бухгалтера – 2008 г.

7. «Основные средства: Учет и налогообложение» Прохожая В.А. 2006 г.

8. Родостовец В.К., Родостовец В.В, Шмидт О.И. «Бухгалтерский учет на предприятии». г. Алматы, 2002 г.

УДК 657.2

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР ЕСЕБІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Жайсанбек Айнур Қалдыбекқызы

zhaisanbeka@mail.ru

Қазақстан, Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, «Есеп, аудит және талдау» кафедрасы, 5B050800 «Есеп және аудит» мамандығының

2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Аханова Н.Е.

Экономиканың заманауи нарықтық жағдайында ұйымның тиімді жұмыс істеуінің басты өлшеуіші нәтижелілік болып табылады. «Нәтижелілік» ұғымы ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің маңызды көрсеткіштерінен – алынған табыстар мен жұмсалынған шығындардан қалыптасады. Табыстар мен шығындар ұйымның қаржылық нәтижесін өзгертіп отырады [1]

Қаржылық нәтижелер шаруашылық субъектілерінің қызметі жөнінде қаржылық есеп және басқару шешімдерін қабылдауда маңызды аналитикалық есептердің ақпараттық базасын құрайды. Қаржылық нәтижелер ұйым қызметінің қаржы жағдайымен құрылымдалып қаржылық есептілікте көрініс табады.

Ұйымдардың қаржылық қорытындысы туралы қызметінің нәтижесі және ұйымның таза пайдасының көлемі жайында мәліметтер экономикалық ресурстардың потенциалды өзгеріске түсуі мен көбеюін сипаттайды. Яғни, экономикалық тұрғыдан қарағанда – ұйымның меншігіне түсетін қаражаттар сапасында табыс танылады. Ал, қаражаттар активтердің ұлғаюын көрсетеді. Ұйым құрылған сәттегі құрылтайшылардың қаражаты табыс болып есебінде танылады. Нарықтық экономика жағдайында бастапқы уақыттарда банктерден немесе өзге де заңды тұлғалардан белгілі бір мерзімге алынған қаражаттарды да табысқа жатқызамыз.

Бухгалтерлік есеп стандарттары бойынша табыстар мен шығындар есебінің негізгі міндеттері ұйым немесе мекеменің жалпы табысы мен шығыны туралы есепті жүйелі түрде жүргізіп, ұсыну мақсатында табыстар мен шығындар туралы есептің белгілі бір баптарын жіктеу, ашу мен есепке алу тәртібін анықтау болып келеді .

Шаруашылық қызметінің фактілері нәтижесінде капиталдың өзгерісі табыстар мен шығындар бойынша есептеліп, пайда немесе зиян сомасының (табыстар мен шығындар айырымы) есебін бейнелейді. Осы тұрғыдан табыстар мен шығындардың есебі қаржылық қорытындының нәтижесін есептеп шығару, пайда немесе зиян процесіне тікелей қатысты деп те түсінуге болады. «Табыстар мен шығындар» термині қатар пайдаланылатын капитал мен пайданы анықтайтын бухгалтерлік есептің негізгі категориясына жатады.

Кірістер мен шығыстар пайда мен зиян туралы есепте қызмет нәтижелерінің өлшемімен тікелей байланысы бар элементтері жөнінде Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп

пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Заңның 3-тараудың қаржылық есептілік элементтері 13-бабында - кірістер мен шығыстарға анықтама берілген.

Кірістер - есепті кезең ішінде активтердің түсімі немесе өсімі немесе міндеттемелердің азаюы нысанында экономикалық пайданың ұлғаюы, олар капиталға қатысушы тұлғалардың жарнасымен байланысты ұлғаюдан өзгеше капиталдың ұлғаюына әкеп соғады.

Шығыстар - есепті кезең ішінде активтердің қолдан кетуі немесе азаюы немесе міндеттемелердің пайда болуы нысанында экономикалық пайданың азаюы, олар капиталға қатысушы тұлғаларға бөлумен байланысты азаюдан өзгеше капиталдың азаюына әкеп соғады [2].

Табыстар мен шығындар баптарының арасын ажырату да субъектінің жұмысының нәтижесін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл бөлімдерге әр түрлі баптар жатады. Мысалы, кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп жалпы табысты, салық салынғанға дейін және салық салынғаннан кейінгі негізгі қызметтен алынған табысты және таза табысты көрсету мүмкін.

Есепті кезеңде табылған табыстар мен шығындардың барлық баптары есепті кезеңнің таза табысын немесе шығынын анықтау барысында есепке алынады.

Осылайша кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп, қаржылық есептің қалған екі элементі туралы – яғни табыс пен шығындар туралы мәліметтерден тұрады. ҚР Президентінің 1995 жылы 26 желтоқсандағы №2732 «Бухгалтерлік есеп туралы» заң күші бар Жарлығында, сондай-ақ ҚР-ның Ұлттық комиссиясының қаулысымен бекітілген бухгалтерлік есеп бойынша 1996 жылы 12 қараша №2 қаржылық есепті дайындау және тапсыруға қажетті Концептуалдық негізінде айтылғандай, бұл элементтер субъектінің қаржылық көрсеткіштерін өлшеумен тікелей байланысты.

Табыстар мен шығындар баптарының арасына қойылған шектеулер тәжірибеде жалпы қабылданған болып табылады. Бұл шектеу, баптың қалыптасу көзі осы субъектінің ақша қаражаттарын болашақта айналдыру мүмкіндігін бағалау барысында белгілі бір маңызға ие болады деген негізде жүргізіледі.

Табыстар мен шығындар есебін ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесінде қолданылатын «Директ костинг» жүйесі бойынша ұйымда өндірістік шығындарды есептеу әдісі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп теориясы мен практикасы үшін ерекше қызығушылық тудырады.

Бұл жүйе АҚШ – та ұлы депрессия кезінде пайда болып және 50 жылдарда кең таратылды. Бұл жүйенің мәні тура шығындар дайын өнім түрі бойынша жинақталады, ал жанама шығындар жеке шарттарда жинақталады.

«Директ костинг» жүйесінің бірнеше айырмашылықтары бар.

Оларды жеке қарастырғанда:

- 1) өндіріс шығындары өзгермелі және тұрақтыға бөлінеді;
- 2) шектеулі шығындар бойынша өнімнің өзіндік құны калькуляцияланады;
- 3) табыстар туралы есеп көп стадиялы болады.

«Директ костинг» жүйесінде есеп процесі екі кезеңнен тұрады:

- 1) өнімнің өзіндік құнын есептеу;
- 2) нәтижелерді есептеу.

Бірінші кезеңде өзгермелі шығындар өндіріс көлеміне байланысты орнатылады. Өнімнің жеке түрлерінің өндірістің табыстылығы анықталады.

Екінші кезеңде бір шотта жинақталған тұрақты шығындар өнімнің әрбір түрін сатудан алынған санмен салыстырылады. Бұл жүйе өнімнің сату көлемін көбейтуге арналған.

Сату көлемі көп болса кәсіпорынның табысы да көп болады. Дайын өнімді және дайындалмаған өндірісті өзгермелі шығындар бойынша бағалайды. Осындай баға жүйесі кәсіпорынға сату, көлемін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Негізгі бұл әдістің айырмашылығы тұрақты жанама шығындар бойынша кәсіпорынның марнималды табысын құру болып табылады.

Бұл жүйе, біріншіден, өзіндік құнға тікелей шығындары енгізіледі, ал қалған барлық жанама шығыстар есеп беру кезеңіндегі қортындысына жатқызылып, есептеп шығарылады, яғни аталған шығын табыстан шегеріледі. Екіншіден, тәжірибеде « директ – костинг » жүйесін қолдану үстеме шығындардың дифференциалды есебімен байланысты болады деп есептелген.

Басты бағыты негізінде өндірістік өзіндік құн және маржиналдық табыс туралы мәліметтер түріндегі ақпаратты сату бағасы мен бұйымның ішінара өзіндік құнының арасындағы айырманы – « директ – костинг » жүйесі береді. Бұл жүйе өзіне тек тікелей шығындарды ғана енгізеді. Бұл арада олар өнімді өндірумен тікелей байланысты шығыстардың негізінде калькуляцияланады. әрбір жағдайда өзіндік құнға енгізілетін шығындардың деңгейі әртүрлі болады. Бұл жүйеде өзіндік құнды есептеу қағидасы мынадан тұрады, онда шығындардың айнымалы бөлігі ғана жоспарланады, яғни сол айнымалы шығындар ғана иеленушісі бойынша таратылады.

«Директ костинг» жүйесі бойынша жасалған табыс туралы есепте өзгермелі шығындардың өткізу бағасының және өткізілген өнім санының өзгеруі салдарынан негізгі қызметтен түскен табыстың өзгеріске ұшырағаны көрінеді. Жүйеде алынатын ақпараттар баға мен көлемнің ең тиімді әдістерін табуға, негізгі қызметтен алынатын табыс көлемін болжауға мүмкіндік береді.

«Директ костинг» жүйесінің бірнеше жетіспеушіліктері де бар. Осы жүйеде жанама шығындарды тұрақты және ауыспалы шығындарға бөлу ауыртпаушылық тудырады. Өнімнің өзінді құнын калькуляциялау үшін жүйеден тыс жолмен өнімнің өзіндік құны анықталады. Бұл салық органдарымен қарым – қатынасты қиындатады.

Шет елдік тәжірибе бойынша пайда мен зиян табыстар мен шығындардан бөлек танылып, есепке алынатынын байқауға болады. Олар халықаралық қорытынды есеп стандарттарына сәйке "Пайдалар мен зияндар жөніндегі" қорытынды есепте көрініс табады. Шет елдік әдебиеттерде сипатталған табыстар мен шығындарды тану меи есепке алу мәселелері отандық мамандар тарапынан көп еңбекті талап етеді. Дегенімен де аталған процесс баяу болса да елімізде жүріп жатыр. Бұл еліміздің халықаралық бухгалтерлік есеп және қаржылық қорытынды есеп жүйесіне көшудегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады.[4]

Кәсіпорынның қаржылық нәтижелеріне көптеген келесідей факторлар әсер етеді, олар:

- 1) пайда болу орнына байланысты
- 2) нәтижесінің маңыздылығына байланысты - негізгі және негізгі емес;
- 3) құрылысы бойынша - қарапайым және күрделі;
- 4) әрекет ету уақыты бойынша

Қаржылық нәтижелердің көрсеткіштері кәсіпорын шаруашылығының барлық бағыттары (өндірістік, коммерциялық, қаржылық немесе кеңес беру) үшін өте маңызды болғандықтан кез-келген қаржылық ақпаратты қолданушылар үшін ең алдымен қажет ақпарат кәсіпорынның жыл сайынғы қаржылық нәтижесі. Алайда, қаржылық ақпаратты қолданушылардың түрлі категорияларын қаржылық нәтижесі туралы есептің белгілі бір бабы, яғни негізгі қызметтен түскен пайдасы қызықтырары анық. Яғни табыс және оның құрамы қаржылық есептілікті пайдаланушыларға негізгі категория болып табылары анық. Дегенмен де, табыс құрылымында ең үлкен үлес салмақты өнімдер мен тауарларды сатудан түскен пайда немесе негізгі қызметтен түскен пайда басты назарда. Тиісінше, табыстың екінші абсолюттік көрсеткіші - жалпы табыс. Жалпы табысқа әсер ететін маңызды фактор – өндірістік өзіндік құн. Шаруашылық жүргізудің тұрақты экономикалық жағдайында жалпы табыстың өсуінің қарқыны маңызды үдеріс. Сондықтан әрбір кәсіпорын жалпы табысын көбейтуді көздейді және заттай түрде өнімді өткізу көлемінің өсуі табыстың өсуіне әкелетініне байланысты негізгі қызметке назар аударады. Кәсіпорын табысы бағаның өсуі есебінен жоғары қарқынмен өседі.[3]

Ал Қаржылық нәтижені құқықтық-нормативтік реттеуде Қазақстан Республикасының 28.02.2007 ж. №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңы (өзгерістер

және толықтырулармен), 1-ші «Қаржы Есептілігін» Ұсыну Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарты (IAS 1), 18-ші «Табыс» Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарты (IAS 18), 17-ші Жалдау ҚЕХС-ын (IAS), 28-ші Қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестициялар ҚЕХС-ын (IAS), 4-ші Сақтандыру келісімшарттары ҚЕХС-ын (IFRS), 9-шы Қаржы құралдары ҚЕХС-ын (IFRS) , 41-ші Ауылшаруашылығы ҚЕХС-ын (IAS), ұйымның есеп саясаты, түрлі құқықтық-нормативтік әдіснамалық нұсқаулар мен өзге де маңызды құжаттары негізге алынады.

Кәсіпорынның қаржылық нәтижесі өткізу көлемінің өзгерісінің жалпы табыс ауытқуына әсерін анықтау табыстылықтың келесі абсолютті көрсеткіші – негізгі қызметтен алынған табыс арқылы анықталады (негізгі қызметтен алынған табыс = жалпы табыс – кезең шығындары). Қаржылық нәтиже негізгі және негізгі емес қызметтен қалыптасып, пайда мен зияндар есептілігі негізінде көрсетіледі. Барлық қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін кәсіпорынның тұрақтылығы, пайдасының жыл сайын артуы негізгі басымдық. Сәйкесінше, кәсіпорынның пайдасын жоғарылатудың негізгі факторы – өндіріс көлемі мен қазіргі ғылыми техникалық дамуға сәйкес жаңа инновациялы технологияларды өндіріске енгізу, арқылы өзіндік құнды төмендетіп, еңбек күшін техника мен технологияларға негіздеу арқылы екені анық.

Қорыта келе, ұйымдардың шаруашылық қызмет нәтижесі – алынған табыстар мен жұмсалынған шығындардан қалыптасады. Сәйкесінше табыстар мен шығындар ұйымның қаржылық нәтижесін өзгертіп отырады. Ал ұйымдардың табысын қалыптастыру өнім өндіруге, тауарлар мен көрсетілген қызметке жұмсалған шығындарға тікелей байланысты. Өз кезегінде шығындар сомасы болашақ экономикалық пайда күтіліп отырған активтерді азайды.

Қолданылған әдебиттер тізімі

- 1) Торашева Ш.М. Теория бухгалтерского учета. – Караганда, 2000.-115б
 - 2) Қазақстан Республикасының 28.02.2007 ж. №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңы(өзгерістер және толықтырулармен). www.minfin.kz.
 - 3) Әбдіманапов Ә.Қаржылық есеп: Оқулық – Алматы, 2007.417-438 б.
- Когут О.Ю. Теоретические аспекты учета и анализ финансовых результатов деятельности организации // Вестник КазНУ.-2014.-№2.-б.80-86

УДК 657 65.052

ШАҒЫН БИЗНЕС КӘСІПОРЫНДАРЫНДА КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР ЕСЕБІН ҰҚЕС БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРУ

Искабулова Айгерім Калиоллаевна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 5В050800- Есеп және аудит мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б. Аленова

Шағын бизнес кәсіпорындарында кірістер мен шығыстар есебі Ұлттық қаржылық есептілік стандартының екінші «Бухгалтерлік есеп жүргізу» бөлімінің «Кірістер мен шығыстарды есепке алу» жетінші параграфы бойынша жүргізіледі.

Ұлттық қаржылық есептілік стандарты бойынша кірістер – есепті кезең ішінде активтердің түсімі немесе өсімі немесе міндеттемелердің азаюы нысанында экономикалық пайданың ұлғаюы, олар капиталға қатысушы адамдардың жарнасына байланысты ұлғаюдан өзгеше капиталдың ұлғаюына әкеп соғады. Шығыстар – есепті кезең ішінде активтердің шығуы немесе азаюы немесе міндеттемелердің пайда болуы нысанында экономикалық пайданың азаюы, олар капиталға қатысушы адамдарға бөлуге байланысты азаюдан өзгеше капиталдың азаюына әкеп соғады.